КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 11 ақпан № 4712-25-00-2/232іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ЖК «Ертөлеп» басшысы Жеткізгенов Марғұлан Ғабитұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК «Ертөлеп» басшысы Жеткізгенов Марғұлан Ғабитұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «Ертөлеп» басшысы Жеткізгенов Марғұлан Ғабитұлынан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 11.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Аташева А. О., 12.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Сот өндірісі
Судопроизводство
ТӨРЕЛІК АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
ФОРМАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА ПРАВОСУДИЯ

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 11.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Аташева А. О., 12.03.2025

4712-25-3-1/137